

құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Егемен Қазақстан. №3-2006.

## ҮШТІЛДІЛІК-ЖАХАНДАНУ ЗАМАНЫНЫҢ ТАЛАБЫ

**Қаржаубаева Д.Қ.**

*(ғылыми жетекші- оқытушы, магистр Есбергенова Г.И.)*

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан,  
Орал қ.*

**Аңдатпа:** Үштілділіктің болашақ мәселесі мен бағдарламасы және мемлекеттік тілдің алатын орны.

**Кілт сөздер:** үштілділік, рухани болмыс, көпұлтты қоғам, мәдени мұра, үштілді білім бұру, өзіндік дәстүр, жас ұрпақ, мемлекеттік мекеме, ұлттық мәдениет.

Өзге тілдің бәрін біл-өз тілінді құрметте демекші, ел тәуелсіздігінің маңызды нышаны – бұл мемлекеттік тіл. Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. «Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады». [1, 6]. Тіл – ұлттың өзгеден даралығын анықтайтын белгісі. Бүгінгі таңда мен Батыс Қазақстан облысы, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Филология факультеті, шет тілі мамандығында оқып жатырмын. Осы мамандықта оқи жүріп мен тілдің, жалпы үштілділіктің маңызын, өзектілігін түсіндім. Жалпы үштілділікті дамыту бұл-жас ұрпақтың білім кеңістігіндегі еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі ең басты қажеттілік деп санаймын. Қазіргі заман ағымындағы қажетті тіл ол-ағылшын тілі. Мысалға алатын болсақ, көшеден кез келген бір адамды тоқтатып болашақтың тілі қандай тіл?- деп сұрақ қойса онда әлгі адам да, ағылшын тілі деп жауап береді. Әрине, бұл сұрақтың жауабы дұрыс не бұрыс деп ештеңе айта алмаймыз, себебі болар күн алдыда. Ешкім уақытты алға жылжытып жауабын айтқан емес. Дегенмен, біз осы орында өзге емес өз ана тілімізді көргіміз келетіні анық.

«Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бұл бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі деп санауымызға болады». Бүгінгі күні үштілді білім беру – заман талабына айналып отыр. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жастардың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін мемлекеттік деңгейде шексіз мүмкіндіктер жасауда. Көп тіл білу - біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін

тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу- қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», -демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Мұнда 135-тен астам халық бірлік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Әрбір ұлт өкілдері өз тілдерін, салт-дәстүрін сақтап қалуы үшін барлық жағдай жасалуда. Оны бұрынғы елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та атап өткен болатын: «Біз көпұлтты қоғамбыз, сондықтан Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз».

[2,24]. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Конституцияның 7-бабында тілдер туралы айтылады:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі.
2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.
3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

Байқап отырсақ, мемлекеттік тіл мәртебесі қазақ тіліне берілгенімен, орыс тілі тең дәрежеде деп есептелді. Соңғы жылдарға дейін қолданыстағы тілдерге келгенде оның басымдылығы байқалуда. Орыс тілі көптеген жылдар бойы мемлекеттік тілмен салыстырғанда басым қолданыста жүріп келді. Халықтың 90% орыс тілін жетік меңгерген. Ал қазақ тіліне келетін болсақ, қазақ тілінің жайы өзгеше. Ол тек қағаз жүзінде жүргізілді. Қолданыстағы жағдайы нашар. Осыған орай, мемлекеттік тілдің қызметін арттыру үшін түрлі бағдарламалар, жобалар қабылдана бастады. Солардың бірі – «Үштілділік» мемлекеттік бағдарламасы. Бастауын тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев салып берген бұл бағдарлама қазақ тіліне үлкен басымдылық беріп отыр. Үштілділік деп отырғанымыз, 2011 жылдан бастап мықтап қолға алынған жоба бүгінгі күні өз нәтижесін беріп келе жатыр. Елбасымыз Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессия отырысында Қазақстан аймағында тұрып жатқан халықтардың басын қосатын тіл -қазақ тілі болуы керек деп анық атап айтты: «Қазақстанды, қазақты достықтың киелі шаңырағына теңесек, түрлі этностар оның алтын арайлы шуақтары іспетті. Бұл ретте байтақ мекенде баршамызды біріктіре түсетін ортақ құндылықтар бар: біздің талайлы тағдырымызды тұтастыратын шежірелі тарихымыз; біздің байтақ мәдени мұрамыз бен қазығы берік мемлекеттік тіліміз; сондықтан да тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс. Тұңғыш елбасымыз айтып кеткендей, «Қазақстан - 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек» - деген. Демек, ағылшын

тілін білмей, заман талабына лайықты, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға толық қол жеткізе алмаймыз. Мемлекеттеріміздің арасы қанша алыс болып тұрсада, оған ұмтылуымыздың да себебі осында. Әрине, басқа тілді меңгермес бұрын өз тілімізді толықтай меңгеру керекпіз. Негізгі барлық халықтың мақсаты бұл білімді, сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ал, сауатты ұрпақ дегеніміз - өз ана тілінде емін-еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ деп есептеймін. Ал ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәнінде мәдениетті адам бола алмаймыз. Қазіргі таңда, жалпы тілдерді меңгеру үшін барлық жағдайлар жасалуда. 2025 жылға қарай қазақстандықтардың 95 пайызы қазақ тілін білуге тиіс. Жалпы Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деп есептеймін. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналды. Осылай біздің тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі». [2,5]. Жалпы «Үштілділік» бағдарламасының негізінде, қазақ тілі мен қатар, орыс тілі, ағылшын тілдерін меңгеру керекпіз. Орыс тілін білу – бұл тарихи артықшылығымыз. Орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымындары мен араласатын орталарын кеңейтіп жатыр. Ал ағылшын тілін меңгеру – бұл жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Тілді оқытудағы ең басты мақсат- бұл адамды сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі. Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру бағдарламасы аясында тәжірибе жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Өзге ұлт өкілдерінің тілдерін оқып-білуге, үйренуге жағдай жасау арқылы әр тілдің өзіндік ерекшелігін байқаймыз, салт-дәстүрімен танысамыз. Көріп отырғанымыздай жалпы үштілділік болса да, қазақ тіліне көбірек мән беріліп отыр. Бұны басымдылық деп айту қиын. Бұл қазақ тілін білетін азаматтардың аздығынан туындаған көрсеткіш. Ал өзіміздің қазақ тіліне келетін болсақ, қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Еліміздің тәуелсіздігінің нышаны. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде, яғни қазақ тілі – бұл болашақтың тілі.

Мемлекеттік тілді меңгеру – басты бағыт. Келер он жылда мектеп бітіруші түлектеріміз 100% қазақ тілін меңгеруі керек деген талап қойылды. Оны жүзеге асыру отбасы мен мектепке міндет. Отбасында бала әке-шеше тарапынан тәрбие мен тәлім алса, мектепте ғылым мен білімді бойына сіңіреді. Оларды үйлесімде қазақ тілінде меңгерту қажет. Сонда ғана қазақша

сөйлейтін, яғни қазақша ойлайтын қоғам қалыптасады. Мұндай қоғамды қалыптастыруда білім беру жүйесінің алатын орны ерекше. Байқап отырсақ, білімнің негізі отбасы, саябақтар мен балабақшадан бастау алады. Бала «Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, алғашқы сөздерді қай тілде меңгеріп, үйренсе, сол тілге жақын тұрады. Сондықтан отбасында, балабақшаларда қазақша сөйлеулеріне назар аудару керек. Осы арқылы біз 100% қазақ тілін меңгерген азаматтарды тәрбиелейміз. Ол келер он – он екі жылдан соң қазақша сөйлейтін қоғамның кепілі болмақ. Орыс тілі мен ағылшын тілін мектеп қабырғасында жас ерекшелігіне қарай оқытыла бастауы керек деп ойлаймын. Ағылшын тілі мен орыс тілін меңгерген азамат шет елде білім алып, ел экономикасымен, саяси ахуалымен, салт-дәстүрімен, болмысымен таныса алады. Оны еліміздің түрлі салаларында қолданып, жетістіктерге қол жеткізе алады. Тілді білудің ерекшелігі де осында. Сондықтан жастарды тілге баулу, еркін сөйлеуге машықтандыру балабақшада, мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында қолға алынып, жүзеге асырылуы қажет деп есептеймін. Мектеп қабырғаларында аталған үш тілді оқытуға қатысты түрлі алғашқы жұмыстар бастауын алып кетті. Мысалы, Астана қаласында орналасқан Назарбаев Зияткерлік мектебінде үштілді білім беру үрдісі жүргізілуде. Бұл үрдістің ерекшеліктері: бағдарлама бойынша пәндер түрлі тілдерде жүргізіледі; қажет болған жағдайда ана тіліндегі материалмен қамтамасыз ету үшін командалық оқытумен; сабақтан тыс шараларда: үйірмелерде (драма клубы, хор, спорттық секциялар, оқырмандар клубы, т.б.) тілдердің кіріктірілуі; түпнұсқадан оқытуға мүмкіндік беру үшін мектеп кітапханасының үштілді ресурстармен қамтамасыз етуі; барлық маңызды құжаттамалардың (саясаттар, қарым-қатынастар, веб-сайттар) үш тілде жүргізілуі; тіл құзырлығының дамуына себепші болатын тілдік курстарды ұйымдастыру; шет елдерде оқыту арқылы ынталандыру; оқушыларды дамыту мақсатында тіл тәжірибесін мәдениетке, әдебиетке т.с.с. апаратын жол ретінде қарастыру арқылы қолдау табады». [6]. Байқап отырсақ, тілді пән ретінде оқытудан басқа, өзге де пәндерді түрлі, яғни, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту арқылы тілдердің үштұғырлығына қол жеткізу көзделген. Сонымен қатар, университет кітапханасының үштілді ресурстармен қамтамасыз етуі студенттерге кез келген мәтінді, шығарманы түпнұсқадан оқуға жағдай жасап, білімін ұштауға зор мүмкіндік ашады, әрі шетел жазушысының шығармасы болса, терең эстетикалық ойды сезінуге жол ашады. Тіл үйрену де адамның қабілетіне байланысты. Сондықтан жаппай үш тілді міндеттеу де, үш тілмен шектеу қажет деп санау дұрыс емес. Жұрттың бәрі бірден үш тілде сөйлеп-жазып кете алмайды. Қабілеті жеткендер төрт, бес немесе одан да көп тілді меңгерсін. Төрт-бес тілді меңгерген қазақ жастары қазір де бар. Алайда сол полиглоттарымыздың көпшілігі қазақ тіліне шорқақ болып келеді. Бұл біз тағы да көптілді маман тәрбиелеуде дұрыс жолға түспегенімізді көрсетеді. Қазаққа алдымен қазақ тіліне ағып тұрған, содан кейін барып шет тілдерін жетік білетін маманды үлгі етуге тиіспіз. Білім саясаты мен білім беру жүйесі осы бағытты қатаң

ұстанбаса, стандарттар мен типтік жоспарлар, білім беру жоспары, типтік бағдарламалар осы мақсатқа сай жасалмаса, онда кәсіби біліктілігі жоғары қазақ тілді маман даярлаймыз, қазақ тілін дамытамыз дегеніміз бос сөз болып қалады, жұртты алдау немесе негізсіз бос ұран болып қала береді. Сол себепті тілдерді үйрену қажеттілікке, нақты мақсатқа сай болса, ел де, сол елдің әр азаматы да ұтары сөзсіз. Осы жұмыстардың барлығы еліміздің – үштілділік бағдарламасын іске асырудың жолы болмақ. Мен өз ойымды қорытындылай келе, Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт – тілдердің үштұғырлылығы деп ойлаймын. Еліміз үшін үштілділік өте маңызды роль ойнайды деп айта аламын. Қазақстан жерінде тұратын азаматтардың басын біріктіретін тіл ретінде -қазақ тілі көш бастауы керек. Келер ұрпақтың мемлекеттік тілде сөйлеуі қазіргі заман талап етіп отырған жағдай. Менің ойымша үштілділікті білгеннен біз ешқашан зардап шекпейміз, керісінше болашаққа нақты бағыт әрі сеніммен қадам баса аламыз. Олай деуімнің себебі мынада: үштілділік халықтың барлық топтарын біріктіре отырып, қазақ тілінде сөйлейтін және орыс тілінде сөйлейтін қауымның ортақ ақпараттық өрісте топтасуына, бірін-бірі неғұрлым жақсырақ түсінуіне, жүрекпен ұғынысуына мүмкіндік береді. Олай болса, көптілділік, үш тұғырлы тіл, ұлт келешегінің де, ұрпақ келешегінің де, кілті екендігі әрқашан әрқайсысымыздың қаперімізде болсын дегім келеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Астана, 2007.
2. М.Салқынбаев. «Ел тәуелсіздігінің нышаны – мемлекеттік тіл». Ақиқат. №4 басылым, 2011 жыл.
3. Ақиқат. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. №1 басылым, 2013 жыл.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
5. Ақиқат. «Қазақ тілін білу - әншейін бір ұран емес», Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқы ассамблеясының ХҮІІ сессиясында сөйлеген сөзі. №5 басылым. 2011 жыл.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі құжаттар. Алматы. – «Дастан» баспасы, 336-2000 бет.
7. [www.egemen.kz](http://www.egemen.kz) Соңғы кірген уақыты: 03.11.2021.

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ РЕЦЕПТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ**

**Мұхитбекқызы Ж.**